

"Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының жүйесін одан әрі реформалау жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 22 сәуірдегі N 3465 Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 22 шілдедегі N 1143 Қаулысы.

"Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының жүйесін одан әрі реформалау жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 22 сәуірдегі N 3465 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж, N 16, 125 -күжат) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі:

Мемлекеттік өртке қарсы қызметтің 12970 бірліктегі, оның ішінде орталық аппараттың 42 бірлігі бар 180 бір бірліктегі орталық аппаратының республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын штаттарын;

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің Алматы жоғары техникалық училищесінің Көкшетау филиалын.

Мемлекеттік өртке қарсы қызметтің жұмысын қамтамасыз ететін мүлік пен істерді басқару жөніндегі өкілеттіктерді Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі комитетіне берсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1997.12.18 N 1788 қаулысымен

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Алматы жоғары техникалық училищесінің Көкшетау филиалының базасында Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі комитетінің заңды тұлға құқығы бар Көкшетау жоғары техникалық училищесі (бұдан әрі - Училище) құрылсын.

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі комитеті белгіленген тәртіппен Училищенің Жарғысын бекітсін және тіркесін. Училище бастығын тағайындап, оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1997.12.18 N 1788 қаулысымен

3. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 2005.06.30. N 662 қаулысымен.

4. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.04.27. N 481 қаулысымен.

5. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.04.27. N 481 қаулысымен.

6. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне:

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің ұсталмайтын қордың санаттарға бөлінген материалдық құралдары қоймаларын келісім-шарт негізінде күзету;

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің Алматы жоғары техникалық училищесінде келісім-шарт негізінде кемінде күндізгі оқу бөлімінде 50 және сырттан оқу бөлімінде 50 орын шегінде "өрт қауіпсіздігі" мамандығы бойынша жоғары білімді Мемлекеттік өртке қарсы қызмет кадрларын оқыту мен даярлау жүктелсін.

7. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.06.07 № 753 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

8. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті: Мемлекеттік өртке қарсы қызмет туралы Ережені әзірлеп, Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізсін;

әкімшілік-аумақтық бөліністің өзгеруіне байланысты "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жанындағы Мемлекеттік өрттен қорғау қызметін ұйымдастыру тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 22 сәуірдегі N 430 P940430_ қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж. , N 20, 192-құжат) қосымшасына екі апта мерзімде тиісті өзгерістер енгізсін.

9. Құпия.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 22 шілдедегі
N 1143 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі комитетінің
Мемлекеттік өртке қарсы қызмет департаменті (Мемлекеттік өртке қарсы
қызмет департаменті) туралы**

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.04.27. N 481 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 22 шілдедегі
N 1143 қаулысына
қосымша

**Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі комитетінің
Мемлекеттік өртке қарсы қызмет департаменті мен оның ведомстволық
бағынысты бөлімшелерінің
Штат саны**

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.04.27. N 481 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК